

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" заң күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 15 желтоқсан N 124-ІІ

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 163-құжат; "Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 189-құжат; 1999 ж., N 21, 786-құжат; N 23, 916-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1. 6-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Мүліктік кешен ретінде жекешелендіруге жататын кәсіпорын (құрамына оларда сақтаулы тұрған мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары кірмейді."

2. 17-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) жекешелендіру объектісінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары болған жағдайда, мемлекеттік материалдық резервті басқару жөніндегі уәкілетті органға объект жекешелендірілгенге дейін осы материалдық құндылықтарды бұдан кейінгі жерде орналастыру туралы шешім

қабылдауы үшін алдағы жекешелендіру туралы алдын ала хабарлайды;"

3. 20-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сатудан алынған қаражатты пайдалану тәртібі өзге заң актілерімен белгіленеді."

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК